

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА
LITERARY STUDIES AND FOLKLORISTICS

МҒТАР 16.21.55

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp150-164](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp150-164)

У. Ақбердіқызы¹, С.А. Жиренов¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

КӨРКЕМ МӘТІНДЕРДЕГІ ГЕНДЕРЛІК КАТЕГОРИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Мақалада көркем мәтіндердегі гендерлік категориялардың қолданыс ерекшелігі мен гендерлік ұғымдардың берілу мәселелері ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан қарастырылады. Көркем мәтіндердегі еркек пен әйел тіліне тән бейнелі сөз орамдары, сөз қолданыстардың тілдік ерекшеліктері мен өзара гендерологиялық ұғымдардың прагматикалық қолданылуы көрсетілген. Көркем мәтіндердегі гендерлік категориялардың қолданысын лингвистикалық аспектіде талдай отырып, ер мен әйел образдарының символдық-семантикалық мазмұнын көрсетуге бағытталған.

Зерттеу жұмысының негізгі материалына көркем мәтіндерден лингвистикалық картотекалық деректер алынды. Зерттеудің мақсаты – ақын-жазушылардың шығармаларындағы ер мен әйел болмысына сипаттама бере отырып «еркекке тән» және «әйелге тән» гендерлік, тілдік белгілерді анықтау көзделеді.

Зерттеу жұмысында мақаланың тақырыбы мен зерттеу бағытына байланысты жинақтау, сипаттау, салыстыру сияқты әдістер мен компоненттік талдаулар кеңінен пайдаланылады. Мақалада көркем мәтіндердегі ерлер мен әйелдерге қатысты тілдік бірліктердің мағыналық мазмұны мен қолданыс аясындағы көркемдік құралдардың қолданылу ерекшеліктері анықталады.

Мақаланың ғылыми-практикалық маңыздылығы – зерттеу жұмысында қарастырылған теориялық және практикалық мәселелердің когнитивтік лингвистика, гендерлік лингвистика, этнолингвистика, дискурс теориясы, лингвопрагматика салаларында ғылыми қажеттілікке сәйкес өндіріске енгізуге болады.

Зерттеу нәтижелері ер мен әйелдің тілдік қолданыстарында лексикалық, грамматикалық категориялар мен поэтикалық образды бірліктердің бедерленуінде өзіндік айырмашылықтар бар екендігі көрсетіледі. Қазақ тілінде жазылған көркем мәтіндердегі тілдік бірліктердің гендерлік ерекшеліктерін лингвистикалық талдаулар арқылы жаңа бір қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Әр дәуір мен кезеңге байланысты гендерлік тіл бірліктері деформацияланып отырғаны анықталды.

Кілт сөздер: гендер, тіл, род категориясы, гендерлік лингвистика, ер, әйел, көркем мәтін, қазақ тілі.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тіл – адам баласы болмысының басты көрсеткіші, ойлау жүйесінің құрылымдық механизмі. Жер бетіндегі барлық адам өзінің ойын, ұсынысын құрып оны басқаларға жеткізу үшін тілді пайдаланады. Алайда әлемдегі тілдер өзінің типологиялық құрылымы мен сөздік қоры тұрғысынан өзіндік айырмашылықтарымен ерекшеленеді. Әрбір тіл бір ұғымды немесе нысанды сипаттау үшін әр түрлі сөздерді қолданады. Мұндағы сөз қолданыстардағы

семантикалық қатынастар таңқаларлық түрде әр қилы құрылады. Осыған сәйкес ғылымда кейбір ғалымдар біздің сөйлеп жүрген тіліміз ойлау қабілетімізді шектеуі мүмкін деген тұжырым жасайды. «Лингвистикалық детерминизм» теориясын жақтаушылардың бірі Бенджамин Ли Уорфф егер белгілі бір тілде қандай да бір сөз болмаса адамдарға өзінің идеясын немесе концепциясын жеткізуге қиынға соғатынын мәлімдеген. Сол секілді бір ұлтқа жататын алайды әр түрлі жынысты ер мен әйел тілінің де құрылымы әр түрлі және өзіне тән сөздері, сөйлеу мәдениеті болады. Тіл арқылы ер мен әйел өздерінің табиғи болмысын сақтап қалады. Осылайша тіл гендерлік тұрғыдан да ерекшеленеді. Тұрмыстық өмір мен ғылыми психологияда ер мен әйелдің ойлау жүйесінде өзгешеліктерінің бірден бір көрсеткіші тілдік қолданыстары саналады. Тілдік қолданыстағы тұтастай мәтіндердің мазмұнынан ер мен әйелге тән лексикалық бірліктерден гендерлік ерекшеліктер көрінеді.

Аталмыш зерттеу жұмысы дәл осы салаға жатады, алайда оның ішіндегі көркем мәтіндердегі гендерлік категориялардың қолданысы қарастырылатын болады. Гендер мәселесі ауқымы кең, көптеген ғылым салаларымен тікелей де жанама түрде де қатынасқа түсетін ғылым саласы. Гендер мәселесі тілтаным ғылымымен де өзара байланысты ілім. Әдетте лингвистика ғылымында гендер мәселесі род категориясы арқылы дербес қарастырылады, алайда қазақ тілінде род категориясы болмағандықтан мақалада род категориясының орынына пайдаланылатын гендерлік тіл бірліктеріне талдау жасалады. Отандық лингвистикада гендер саласын елімізде алғаш болып зерттеген ғалымдарға Қ.Жұбанов [6], Б.Хасанұлы [7], А.Сарсенбаева [8], Г.Шоқым [3], К.Жумашева [5] секілді ғалым зерттеушілерді атап айта аламыз.

Зерттеу мақаласы болашақта қазақ тілін үйренушілерге арналған гендерлік тіл бірліктері атты екі тілді немесе түсіндірме сөздіктің шығуына мұрындық болуы ықтимал.

KIPICPE

Ғылым әлемінде «гендер» ұғымы ер мен әйел жынысының арасындағы гендерологиялық айырмашылықты талдауға негізделген. Жыныс дегеніміз адамның туа біткен биологиялық, физиологиялық және анатомиялық ерекшеліктерін білдіреді. Гендер – әйелдер мен қыздардың, ерлер мен ұлдардың рөлдерін анықтайтын мәдени, саяси және әлеуметтік тәжірибелер мен нормалар арқылы және еркектік пен әйелдіктің әлеуметтік анықтамалары арқылы қоғам жасаған әлеуметтік құрылым [1, 3].

«Гендер» терминін 1955 жылы американдық сексолог Джон Мани өзінің ғылыми зерттеу жұмысында алғаш рет пайдаланды. Онда ғалым «гендер» терминінің семантикалық аясын анағұрлым кең көлемде қарастырып, адамның биологиялық жынысы мен оның әлеуметтік рөлін көрсетуге болатындығын ұсынады. 1968 жылы психолог Роберт Столлер «Жыныс және гендер» деп аталатын зерттеуінде жыныс және гендер ұғымдарын бір-бірінен тәуелсіз деп қарастырады. Мұнда автор биологиялық жыныстарды әлеуметтік «еркектік» және «әйелдік» ұғымдарынан ажырату мақсатында қолданады [13]. Сондай-ақ «гендер» термині 1980 жылдардың ортасында америкалық ғалым Дж. Скоттың еңбектерінде жиі кездеседі. Онда ғалым қоғамдағы әйелдер мен ер адамдардың рөлдік қарым-қатынастарын биологиялық және әлеуметтік тұрғыда бір-бірінен ажырату үшін қолданады.

Қазіргі кезде жыныстық айырымдар (дифференциация), жыныстық еңбек бөлінісі, жыныстық жік (стратификация), жыныстық нысан (символ), еркектік және әйелдік таптауындардың (стереотип) әлеуметтік сипаты секілді мәселелерді қоғам болып талқылауда. Ал қоғамдық ортадағы өзекті деген категориялар тілдік мәселелер ретінде де саналады. Себебі қоғамдық өмірдің болмысы тіл арқылы бедерленеді. Қоғамдық ортадағы гендерлік мәселелер тек гендерологиялық яки әлеуметтік қана мәселе емес, ол тілдік мәселе де саналады.

Лингвистика ғылымында тіл мен жыныстың байланысы туралы рефлексиялық род категориясын түсіну кезінде пайда болған. Ертеде ұзақ уақыт бойына тілдік род категориясының қызмет ету себептері туралы жалғыз гипотеза *символикалық-семантикалық*

теория болды. Оның жақтаушылары грамматикалық род категориясы табиғаттан берілген, яғни әртүрлі жыныстағы адамдардың болу әсерінен пайда болды деп есептеледі [2, 226]. Аталған теорияның пайда болуына род категориясы жоқ тілдер әсер етті. Дегенмен род категориясының өзі адамға сәйкес сөздер мен ұғымдарды қабылдауына әсер ете алатындығын мойындау өзгеріссіз қалады.

Лингвисттер А. Кирилина мен М. Томская *интеракционизм мен сөйлеу актілері теориясы* тұрғысынан ерлер мен әйелдердің жазбаша және ауызша тілдік әрекетін зерттеу қажеттілігін көрсетеді [4, 21]. Интеракционистік көзқарас дегеніміз егер біздің тілдік қабілеттеріміз қарым-қатынас жасауға деген ұмтылыстан дамиды болса, онда тіл біздің кіммен сөйлескіміз келетініне байланысты деп тұжырымдайды. Бұл сіздің сөйлеуді қаншалықты жақсы және тез меңгеруіңіз негізінен сіздің өскен ортаға байланысты екенін білдіреді. Тіл біліміндегі интеракционизм дегеніміз әлеуметтік интеракционизм теориясы даму үстіндегі бала мен тілдік сауатты ересек адам арасындағы әлеуметтік өзара әрекеттесу рөлін атап көрсететін тіл дамуының түсіндірмесі болып табылады. Аталған теория психолог, ғалым Лев Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясы негізінде құрылған.

«Гендерлік лингвистика» немесе «лингвистикалық гендерология» тіл білімінде жыныстарға қатысты сөйлеу үлгілерін зерттейтін ғылым. Қарым-қатынас процесінде ер мен әйелдің лексиконында гендерлік ерекшеліктер байқалады. Тілді арнайы «еркектік» және «әйелдік» деп бөлмесе де, олардың сөйлеу әрекетіндегі сөз қолданыстары мен мінез-құлқына қарай айырмашылықтар болады. Тілдегі гендерлік ерекшеліктер мен айырмашылықтар тілдік бірліктердің әртүрлі қабатында түрлі дәрежеде көрінеді. Соның ішінде біздің арнайы зерттеуімізге нысан болып отырған көркем мәтіндерде гендерлік ерекшеліктер жекелеген лексикалық бірліктердің қолданысынан бастап, сөз орамдары, тұрақты сөз тіркестері, образды сөз өрнектері, мәнмәтін, мәтін болмысында өзіндік прагматикалық мәнділікке ие болады. Мәселен көркем мәтіндердегі кейіпкерді, идеяны құру және ұсыну үшін әр түрлі гендерлік категорияны белсенді пайдаланғандықтан гендерлік бірліктер өзіндік назар аудартады. Көркем мәтіндердегі гендерлік категорияны пайдаланудың ең көп тараған тәсілдерінің бірі әйелдік және еркектік кейіпкерлерді бейнелеу болып табылады. Бұл кейіпкерлердің сюжеттегі рөлі, мінез-құлқы бойынша әр түрлі болуы мүмкін. Әдетте әйелдердің рөлін эмоционалды, қамқор және әлсіз қылса, ер адамдарды едәуір күшті, тез шешім қабылдайтын әрі батыл ретінде бейнелейді.

Г. Шоқым ғылыми зерттеулерінде гендерлік рөлдер деп белгілі бір қоғамда, тарихи жағдайда қолданылатын әлеуметтік-мәдени нормаларға сәйкес ерлер мен әйелдерге берілетін әлеуметтік рөлдерді атап көрсетеді [3, 9]. Сонымен қатар гендер категориясы ер мен әйелдің қарым-қатынасындағы әлеуметтік нормаларды иллюстрациялау үшін де кеңінен қолданылады. Кейбір жағдайларда әрбір жынысқа арналған стереотиптік рөлдер мен міндеттер болуы да мүмкін. Мысалы, еркекке: аға-іні, әке-көке, ата-қайын ата немесе күйеу мен жезде, ал әйелге: қыз-қарындас, әкпе-сіңлі, ана-апа, жұбай, қайынапа мен ене ретінде рөлдер беріледі. Ер мен әйел жынысының әлеуметтік-мәдени дәрежелері тілдік атауыштық лексемалар болуымен қатар, әлеуметтік, мәдени, гендерлік, этникалық секілді өзіндік мәнділіктерге ие категориялар саналады.

Көркем мәтіндерде гендерлік категориялардың қолданылуын, яғни гендерлік антонимияны қазіргі гендерлік лингвистика немесе лингвистикалық гендерология зерттейді. Гендер әлеуметтік жыныстың факторы, қоғамдағы әрбір тұлғаның гендерлік ерекшелігі тілде көрініс таппауы мүмкін емес. Біріншіден, еркек пен әйел белгілерінің айырмашылығы сөздердің лексикалық мағынасы (әке-шеше, аға-апа) арқылы меңгеріледі. Бұл тұрғыда гендерлік принцип еркек немесе әйел жынысы тұлғасының семантикасы болып саналады [5, 43]. Көркем мәтіндер – ұлттың болмысын тілдік деректер арқылы көрсететін, қоғамдық қатынастар мен мәдени стереотиптерді, рухани құндылықтарды бейнелейтін, мәдени мағыналарымен кодталған түрлі мәліметтерді қамтитын тілдік бірлік. Осындай күрделі ұғымдарды қамтитын көркем мәтіндердегі ер мен әйелдің лингвистикалық ерекшеліктерін

зерттеу арқылы гендерлік категориялардың тілдік табиғатын зерттеу тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Мақаланың мақсаты – көркем мәтіндерде кездесетін ер мен әйелдің тілдік айырмашылығы мен табиғи болмысын көрсететін тілдік бірліктерді анықтау мақсаты көзделеді.

Зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық маңызы қазақ тіліндегі гендерлік категориялардың тілдік қолданыстар мен көркем мәтіндердегі берілуінің этникалық негізгі мазмұнын ашып, мәдени семантикасының астарындағы гендерлік кодтың этникалық болмысын көрсетуге бағытталады. Ақын-жазушылардың көркем туындыларындағы гендерлік категорияның тілдік қолданысының танымдық ерекшелігі қарастырылады.

Лингвистикалық гендерология лингвистиканың жаңа саласы болғандықтан қазіргі уақытта гендерлік мәселелер әлеуметтік, саяси, психологиялық, когнитологиялық секілді аспектілердің негізінде жан-жақты зерттелу үстінде.

Мақаланың практикалық құндылығы оның нәтижесін теориялық тіл білімі курстарында, мәдениетаралық қарым-қатынас теориясында, лингвоаксиология, лингвомәдениеттаным және гендерлік лингвистика бойынша арнайы курстар мен семинарларда пайдалануға болады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Зерттеу жұмысының негізгі материалдары ретінде көркем шығармалардағы адамға, жыныстық ұғым-түсініктерге қатысты лексикалық бірліктер пайдаланылды. Көркем мәтінде кездесетін гендерлік категориялардың лексикалық мағыналарын талдап, ер адамды немесе әйел адамды сипаттайтын гендірлік белгілері ажыратылды. Қазақ тілінде род категориясы болмағандықтан, ер адам мен әйел адамның қандай қасиеттерін, таным-түсініктерін көрсететіні анықталып, олардың мәдени семантикасының қолданыс аясы жан-жақты қарастырылады. Зерттеу материалдарының нәтижесінде көркем мәтіндердегі гендірлік тілдік категория ретінде тілдік бірліктерге лингвистикалық талдау жасалады. Зерттеу жұмысының ғылыми теориялық аппаратын қарастыру барысында, символикалық-семантикалық теорияға негізделген зерттеулерге басымдық беріледі.

Зерттеу жұмысында мақала тақырыбы мен зерттеу бағытына сәйкес зерттеудің сапалық тұрғысынан жинақтау (гендерлік тұрғыдан ер мен әйелді даралап көрсететін мысалдар жинау), сипаттау (жиналған мысалдарды түсіндірме, афоризмдер, тұрақты теңеулер арқылы анықтама беріп, түсіндіру), салыстыру [14] секілді әдістер кеңінен пайдаланылады.

Қазақ тілтаным ғылымында соңғы жылдары тіл мен гендерлік қатынастардың өзара сабақтастығы кеңінен қарастырылуда. Отандық лингвистикада гендер саласын зерттеген ғалымдарға Қ. Жұбанов [6], Б. Хасанұлы [7], А. Сарсенбаева [8], Г. Шоқым [3], К. Жумашева [5] секілді ғалым зерттеушілерді жатқызуға болады. Алайда гендер мәселесі бойынша ХХ ғасырда да жыныс пен тілдің байланысы отандық лингвистикада ертеректе арнайы мәселе ретінде сөз болып, біршама зерттеу жұмыстарына арқау болған. Мәселен Қ. Жұбанов әйел тілінің ерекшелігіне байланысты, әйелдердің құқығы туралы біршама жазып кеткен, әсіресе әйел тілінің арнайы ерекшеліктеріне аса назар аударылған. Қ. Жұбанов: «Күншығыстағы әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған әйелдердің ым тілі» [6]. Осындай тарихи деректерден елімізде гендерлік зерттеулердің бұрыннан бар екен байқауға болады. Мұндай зерттеулер гендер мен тілдің тарихи байланысын анықтау үшін өте маңызды болып табылады.

НӘТИЖЕЛЕР

Гендер – кең ауқымды және ғылымның көптеген салаларымен тікелей және жанама түрде байланысатын сала аралық ілім. Соның ішінде гендер мәселесі тіл білімі саласымен тығыз байланысты. Көптеген тілдерде лингвистика саласындағы гендер мәселесі род

категориясы арқылы қарастырылады (мысалы: орыс тілінде он/она, ағылшын тілінде he/she). Дегенмен, бұл мәселе әлемнің барлық тілдеріне ортақ емес. Паскаль Марк [15] грамматикалық гендерлік өлшемдердің тілдік индексі үшін деректерді құрастыру кезінде тілдердің ауқымдылығына, белгілі бір ерекшеліктерге негізделген гендерлік жүйелердің бірнеше түрлерінің априорлы топтастырылуын ұсынған.

1. Грамматикалық род категориясы бар тілдер;
2. Грамматикалық род және табиғи гендерлік тіркесімі бар тілдер (норвег, голланд);
4. Грамматикалық род категориясы жоқ тілдер (қазақ).

Дүниежүзі тілдерін жалпы род категориясы бар және род категориясы жоқ тілдер деп бөліп қарастыруға болады. Род категориясы бар тілдердің ерлер мен әйелдерге арналған сөздерді қолданудың өзіндік тілдік нормалары мен ережелері бар. Ал род категориясы жоқ тілдердің өзіндік табиғи жазылмаған заңдылықтары бар, бірақ оларда нақты тілдік нормалары жоқ (мысалы: қазақ тілінде ер және әйел адамға *ол* деп айтамыз).

1-кесте – Көркем мәтіндерде кездесетін гендерлік метафоралар

Ер адамға бағытталған метафоралық аталымдары	Әйел адамға бағытталған метафоралық аталымдары	Ер мен әйелге ортақ метафоралық аталымдар
Қыран бүркіт, ақсұңқар, абадан, асқар тау, қаранар, таутұлға, еңбекторы, елағасы, ауылағасы, толағай, жырдулдүлі, мықшеге, айдарлы, т.б.	Түлкі, кара қазан, тотықұс, аққу, ару, ақ әже, аруана, ел анасы, біз бикеш, алтын құрсақ, асфальтта өскен қыз, бұрымды қыл, жібек мінез, т.б.	Ақсұңқар, бұлбұл, әбжылан, тұлымды, сөзуар, т.б.

1-кестеде көрсетілгендей ер және әйел атаулары қазақ ақын-жазушыларының шығармасында тек адам кейіпінде емес, сондай-ақ аң, құс, табиғат құбылыстары, тұрмыстық заттарға теңеу арқылы беріліп отырады. Осы тұрғыда Г.А. Адаева «Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы гендер мәселесі: тарихи-философиялық талдау» атты ғылыми жұмысында «Ұлы Ана фольклорлық материалында тек адам кейіпінде емес, жануар немесе құбыжық кейіпінде көріне алады, ол, жылан, айдаһар, құс, жануар, жыртқыш бейнелі» - деп анықтама береді [13, 101].

2-кесте – Көркем мәтіндерде кездесетін ер және әйел бейнесі

Ер адам	
Кескін-келбеті	Қадір-қасиеті
Еңсегей бойлы, өткір көзді, торсық шекелі, қыр мұрынды, кең иықты, жуан білекті, қапсағай денелі, ат жакты, айбарлы, бұдырайған шекелі, өр мінезді	Қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қабыландай сұсты, нардай төзімді, жау жүректі
Әйел адам	
Қиғаш қасты, оймақ ауызды, шиедей ерні, аққудай бұралған, жібектей үлбіреген, аққудың көгілдіріндей, тал шыбықтай бұралған қыпша белді, сыңғырлаған күлкісі, еліктің лағындай, ақ сәуледен құйылған болмысы, қолаң шашты, маржандай тістері, аққу мойын, қарақаттай көздері, қызыл шырайлы, адуынды	Шаңырақтың құт-берекесі, адал жар, биязы мінезді, назды қимыл, қылықты, жібектей сызылған, үйдің ұйытқысы, берекенің бастауы, сұлулықтың символы, қайсарлықтың үлгісі, даналықтың шырақшысы, шығыстың шынары

Көркем мәтінде әйел бейнесін бейнелеуде көзге қатысты теңеулер жазушылар танымында әртүрлі өрнектеледі. Мысалы, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясындағы сұлулық үлгісі ретінде «шошақтау біткен үлкен қой көз, нұрлы көз, ойлы көз, шұғылалы көзді» деп суреттесе, Ғ.Мүсірепов өз шығармаларында «мәлдір қара көз, үлкен қара көз, бота көз, құралай көз, айна көз» секілді теңеулерді кеңінен пайдаланған. 2-кестеде көрсетілгендей ер мен әйелдің қадір-қасиеті сыртқы сымбатымен ғана емес ішкі жан-дүниесімен, елге қадірі, адамгершілік болмысымен танылады. Ақын-жазушылар бейнелі сөздер арқылы ер мен әйел бейнесін гендерлік тұрғыдан дараландырып қоғамдағы әлеуметтік рөлін айқын көрсеткен.

Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес ақын-жазушылардың шығармаларындағы ер мен әйел болмысына сипаттама бере отырып «еркекке тән» және «әйелге тән» гендерлік тілдік суреттеулер этнос мәдениетіндегі гендерологиялық мәнділіктерді көрсетеді. Адамзат қоғамындағы ер мен әйел тілінің гендерлік табиғатын қарастырудың өзіндік ғылыми және тарихи тәсілдері бар. Қазақ тілінде жазылған көркем мәтіндердегі тілдік бірліктердің гендерлік ерекшелігі ретінде ер мен әйелге ғана қатысты образды бейнелер тілдік қолданыстар мен дискурста анықталады. Көркем мәтіндердегі гендерлік категориялар әр дәуір мен кезеңге байланысты дискурстық тұрғыдан деформацияланып отырғаны байқалады. Көркем мәтіндердегі гендерлік айырым белгілер лексикалық бірліктер мен образды сөздердің қолданыс өрісінен айқындалады. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесін гендерлік лингвистика мен мәтін лингвистикасына қатысты ғылыми жұмыстар жазуда, арнайы курстар мен семинарларда пайдалануға болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Адамзат қоғамындағы ер мен әйел тілінің гендерлік табиғатын қарастырудың өзіндік ғылыми және тарихи тәсілдері бар. Гендерлік лингвистиканы зерттегенде әрбір әлеуметтік қоғам мен мәдени қарым-қатынастың өзіндік ерекшеліктері болады. Көркем мәтіндерде автордың тақырыптық бағыт бағдарына сәйкес гендерлік ұғым-түсініктер мақсатты және мақсатсыз түрде образды суреттеулерге арқау болады. Көркем мәтінге тірек болатын категориялардың бірі гендерлік ұғым-түсініктер саналады. «Ер мен әйелдің сыртқы бет бейнесімен, болмысының өзіне өте көп теңеулер қолданылған. Көркем мәтінде автордың сөз тандауынан бастап, сюжетті ұйымдастыру мен жазудың басқа элементтеріне дейін кең ауқымды қамтиды. Мәтін мазмұны жағынан да, тарихи дәлдік жағынан да шығарманың шындығын қаншалықты дәл бейнелеуіне ер мен әйелді даралап тұратын гендерлік тіл бірліктерін пайдалануда» [14]. Ер адамға қапсағай денелі, намысты, жауырыны жерге тимеген, ал әйелдерге көбінесе нәзіктік, сұлулық, қауқарсыз деген секілді сөз тіркестері қолданылған. Яғни, мұның өзі ер адамның оның қорғаны, панасы екенін көрсетеді. Әдетте ер адамдар көшбасшы болып келеді және кез келген адамзат қоғамында әйелдерге қарағанда көптеген басымдықтарға, артықшылықтарға ие. Ал әйелдер әрқашан қосалқы рөлдерде, яғни еркектерден кейінгі екінші орында тұрады. Тұрмыстық әлеуметтік өмірде ерлер мен әйелдердің тілдік құзыреттілігінде өзара айырмашылықтар да болады. Бұл туралы Б.Хасанұлы: «гендерлік фактор ерте заманнан бері көрініс тауып келеді. Алғашқы қауымда ерлер мен әйелдердің, қыздар мен ұлдардың өздерінің топтық тілі болды. Еңбек бөлінісі биологиялық айырмашылықтарға негізделген. «Ер адам – түздікі, әйел үйдікі», «Әйел – үйдің көркі, Еркек – түздің көркі» деген қазақ мақалдары өте ертеден бері айтылып келеді. Осыдан келіп әрбір жыныстық тұлғаның өзіндік сөздік қоры пайда болған. Ер мен әйелдің істейтін іс-әрекетінің өзі де, сайып келгенде өзі-ақ үн қатып, сөйлеп тұрған секілді. Мысалы, ер адамдардың сөздік қоры көбіне құрал-саймандарға байланысты болса, ал әйел адамдардың сөздік қоры ас пісіру, тігін тігу, кесте құрау, ши тоқу, текемет басу т.б. лексиконмен толығып отырған» [7, 284].

Жалпы ерлер мен әйелдер лексиконындағы тілдік бірліктер, тұрақты тіркестер, паремеологизмдер әр түрлі дәрежеде көрініс табады. Осыған сәйкес олардың тілдік құзыреттіліктері әлеуметтануда, психологияда, мәдениеттануда және т.б. әртүрлі дәрежеде

сипатталады. «Әдетте, адамзат тілінде ерлер мен әйелдерді сипаттаудың негізгі құралы тілдік формацияның екі түрі болып табылады: толық мәнді зат есімдер және субстантивті фразеологиялық бірліктер» [8,7]. Яғни, ерлер мен әйелдерді сипаттауда поэтикалық тіл бірліктерін қолдануға болады және көркем дискурста кеңінен қолданылып жүр.

Көркем мәтіннің хронологиялық бастауы ертедегі тарихи мәтіндер саналады. Сол тарихи мәтіндерде «Ер-әйел» оппозициясы – бүкіл адамзат нәсіліне, континенттер мен мемлекеттерге, этникалық топтар мен мәдениеттерге енген оппозициялардың бірі. Дінде, мифте, аңызда рух – әке, жер – ана деп беріледі. Ал дүниенің өзі рух пен жердің бірігуінің нәтижесінде жаратылған деседі. Басқа аңыздар мен мифтерде аспан – әке, жер – ана деп те айтылып жүр [9,259].

Табиғат құбылыстары қазақ этносының таным-түсінігі мен дүниетанымында ескеріле отырып пайдаланылады. Мәселен қазақ халқы тау бөктерінде мал бағып, аспанда самғап ұшып жүрген құстарды тамашалап, іс-әрекеттерін ерлер мен әйелдер бойындағы қасиетпен салыстыра отырып жырлайды. Осы тұрғыда С. Жиренов теология ғылымында айтылатын діни канондарда адамзат баласы бір негізден (Адам Ата мен Хауа Анадан) тарағандығымен олардың өмір сүру ерекшеліктерімен табиғи ортаны мекен еткен аймағы, климаты, күнкөріс тіршілігі, ұстанған діні секілді факторларға байланысты өзіндік ерекшеліктері болады деп атап көрсеткен. Гендерлік мәселелерлер әрбір этностың дүниетанымына, мәдениетіне, діни наным-сеніміне, салт-дәстүріне байланысты тілдік қолданыс пен тұрмыстық өмірде өзіндік ерекшеліктері болады [10,180]. Жыраулар поэзиясындағы ғаламның тілдік бейнесі адаммен, дүниемен, ғаламның концептуалды бейнесімен тығыз байланысты. Ақындар поэзиясындағы гендерлік тілдік бірліктердің когнитивтік сипатын талдау үшін ақын-жыраулар поэзиясының мәтіндерін қарастыру арқылы логикалық-тілдік заңдылықтарды анықтауға болады. [10,31]. Демек көркем шығармадағы лингвогендерологиялық бірліктердің қатысуымен жасалған логикалық және тілдік үлгілер, әлемнің тілдік бейнесін жасауға өзіндік үлес қосады.

Көшпелі мәдениеттің өкілі саналатын қазақ халқы қыран бүркітті батырлықтың, мықтылықтың, еркіндіктің, қайсарлықтың, батылдықтың белгісі деп бағаласа, түлкіге қулық, алдамшы мінезді, жылпостық қасиеттерді сипаттайды. Бүркітті ежелден қасиетті құс, көк тәңірісі, еркіндіктің иесі, қанаттылар ханы деп, оның атын қастерлеп бүркіттей қыран, қайсар, өжет болсын деп жаңа туған сәбилеріне ер балаларға бүркітке қатысты есімдерді (Бүркіт, Бүркітбай, Қыран, Сұңқар, Қаршыға және т.б.) телиді. Сол себепті қазақтар бүркіттің аталған қасиеттерін ер адамның бойынан көргендіктен ақын-жыраулар қыран бүркітті шығармаларында тілге тиек етіп, ер адамды қыран бүркітке балаған. Ал түлкі образы әдетте ертегілерде кездеседі, көбінесе олар айлакер мен қудың образын сомдайды, сол секілді Ақан Сері Қорамсаұлы, Абай Құнанбаев және Мағжан Жұмабаев секілді ақын-жазушыларымыз әйел образын түлкімен байланыстырып суреттейді. Мысалы:

Мен болып *қыран бүркіт* ілер едім,

Түлкі боп шықсаң таудың даласына.

Немесе:

Жайықтың *ақ түлкісі* аралдағы,

Алдымнан сен бір қашқан марал-дағы...

Көзіме мұнарланып көрінесің,

Түлкідей тұра қашқан тұмандағы. (*Ақан Сері Қорамсаұлы*)

Немесе:

Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы

Қар – аппақ, *бүркіт* – қара, *түлкі* – қызыл

Арт жағынан жауырыны бүлкілдейді,

Қыран бүктеп астына дәл басқанда.

Құсы да, иесі де қоразданар,

Алпыс екі айлалы *түлкі* алғанда (*Абай Құнанбаев*)

Көшпелілер өмірінде олардың ішінде аңшылықпен айналысатындар үшін түлкі ең бағалы аң. Ал оны аулау немесе қолға түсіру аңшылар үшін қиямет қайым болса, қарапайым

халық үшін тіпті қиын іс. Түлкіні қолға түсіру үшін «алпыс алты айланың» бәрін пайдаланады. Сондай-ақ түлкінің бойынан көптеген айланы көруге болады. Осындай «алпыс алты айла» арқылы әйелдерді түлкіге теңеу қазақ халқының танымдық жүйесінің ерекшелігін көрсетеді. Себебі қызға сөз айтарда серілеріміз бар аяласын жүзеге асырған. Сонымен қатар, үй тағысы мен түз тағысының адам үшін арпалысқан аяулы-аяусыз сәттерін аңқұмарлық құштар сезім жеңіп, ақын «қызыл түлкіні» «қара бүркіттің бүлк-бүлк еткізіп бауырына дәл басқан» көріністі адам әрекетіне теңеп, қиял әлемі нақты кеңістік пен уақыттан шығып кетеді. Көңілдің пернесі шабытты әрекет табиғат аясындағы бұл көріністен аң мен аң, адам мен адам арасындағы кимыл-әрекеттен әлдебір алып қашпа ассоциация туғызады.

Үй тағысы мен түз тағысына Сырым Датұлының айтқан төрелігін де мысал ретінде келтіруге болады. Сырым батырдың айтуынша: «Әйел адамның жүретін жері – ауыл арасы ғана болады. Ал еркек адам қайда болмайды, сірә сіздің көріп жүргеніңіз ұрғашы түлкі болар, әлі де болса күтіңіз, жүрер болар» - депті. Бұл жерде Сырым батырдың айтпағы ауыл ішіне тек ұрғашы түлкі кіреді екен, еркек түлкі ауыл ішіне мүлде кірмей сырттан ғана бақылайтын көрінеді.

Аһ ұрдың, сыртың – жалын, ішінде шок.

Тіліне қу түлкінің тез алдандың,

Ойламай таңдағаны, тез құп алдың.

Тап-таза ат, көркем көрік – бәрі кетіп

Өміріңше құтыла алмас атта қалдың – деген М. Жұмабаевтың жыр жолдарында гендерлік рөл жан-жануарлар, құстар кейіпінде бейнеленген. Осыдан барып тілдегі «таудағы түлкіні бабындағы бүркіт қана алады», «қиядағы қызыл түлкіні, қияннан соққан бүркіт алады», «еркек түздің, әйел үйдің көркі» сынды мақалдардың, тұрақты сөз тіркестерінің өлең жолдарымен үндестік тауып тұрғанын көруге болады. Тұрақты сөз тіркестері мен ақын-жыраулар шығармашылығындағы танымдық ұғымдардың бір-бірімен байланысы қазақ ұлтының дүниетанымынан хабар береді. Жоғарыдағы өлең жолдарында әйел адамның орнына қу түлкі образын беру арқылы әйел адамның қу, айлакер, құрығына тез түсіруші деп бейнелегенін көруге болады. Ал ер адамды қыран бүркіт яғни көк (түз, аспан) тағысына, әйел адамды жер тағысына балау арқылы ер адамды түздің адамы, әйелді үйдің адамы екенін аңғарамыз. Дана халқымыз жаңа туған нәрестенің кіндігін балтамен кесіп, таза жіппен байлап, түбіне күл сепкен. Ер баланың кіндігін үй күшікке айналмас үшін қырдан асырып лақтырып жіберген немесе аттың жалына байлаған. Ал қыз «үйдің берекесі болсын» деп қыз баланың кіндігін ошақтың астына көмген. «Әйел – үйдің көркі, еркек – түздің көркі» деген нақыл ер адамның берекесі сыртта, әйелдікі отбасы, ошақ қасында екендігін көрсетеді.

Исатайдың барында

Қара қазан, сары бала

Камы үшін қылыш сермедік. (Маханбет Өтемісұлы) – деген жыр жолдарында жыршы әйел адамды қара қазанға теңеп, тілге тиек етіп отыр. Қара қазанға әйел адам от басы, ошақ қасында жүруі заңды құбылыс екенін көрсетеді.

Мен ақ сұңқар құстың сойы едім,

Шамырқансам тағы кетермін,

Кетпей де нешік етермін?

Бұл барғаннан барармын,

Қиядан орын алармын.

Мен ақ сұңқар құстың сойы едім (Маханбет Өтемісұлы). Қазақ халқы қыран құстардың барлығына бірдей баға беріп, қыранның бойындағы қасиеттерді ер адамдарға қарата суреттейді. Көркем мәтіндердегі гендерлік ұғымдарды осындай сөз қолданыстардан көруге болады. Ақын-жыраулар поэзиясындағы ер-азаматтарды қыран құсқа теңеу қазақ мәдениетіндегі дәстүрлі тілдік қолданыс саналса, гендерлік лингвистикада қыран құс – ер азамат дейтін ассоциацияны білдіреді. Мәселен, бүркіт – құстың патшасы, ақсұңқар – құстың төресі, қаршыға – құстың ұрысы, лашын – құстың жендеті дейді. Жоғарыдағы өлең жолынан

автор (ер) өзін ақсұңқар құсқа теңеп, қиядан, құздан орын аламын деген суреттеулер тікелей ер-азаматтарға ғана бағытталған сөз оралымдары екендігін көрсетеді.

Қазіргі кезеңде ер адамдарды тауға теңеу жиі кездеседі. Тау – ешқашан орнынан қозғалмайтын, ғасырлар бойы тұрған тұрақтылық символы. Мұндай ер адам – өмірдің дауылы мен боранына мойымай, отбасы мен жақындары үшін тірек бола алатын жан. Әр дәуірде жазылған көркем мәтіндердегі гендерлік тіл бірліктерін салыстыратын болсақ, уақыт өте келе гендерлік тіл бірліктерінің де деформацияланып отыратындығын аңғартады. Мысалы:

Тауда туып, тасында өскен ұл едім,

Қыран қонған қия таста түледім.

Таудай биік, даладай кең ұлы елім,

Ұлы елім ғой менің қолқа-жүрегім. (*Н.Айтұлы. Тау тұлғалы адам*)

Жоғарыда ұсынылған метафора ер адамның бейнесін қалай қабылданатынын терең әлеуметтік, мәдени және гендерлік көзқарас тұрғысынан сипаттайды. Тау биікке көтерілген сайын, ол алыстан көрініп, қадірі арта түседі. Мұндай ер адам да өз ұстанымы мен рухы арқылы өзгелерден дараланады. Ол материалдық емес, рухани құндылықтарға берік саналады.

Ау, бөрілер, бөрілер,

Бөрімін деп жүрерлер,

Һәр бірінің баласы,

Алтау болар, бес болар,

Абаданнан айырылса,

Олардың Һәр біреуі,

Һәр бір итке жем болар (*Қазтуған*)

Абадан дегеніміз жаугершілікте қол бастайтын мықты тұлға. Абадан деп аталатын қасқырлардың үйірін бастайтын көкжалға теңеу ретінде қалыптасқан ассоциация. Ақын-жыраулар шығармаларында жауға атойлап шабатын ержүрек қолбасшыны көбіне Абаданға теңеген. Алайда қазіргі тіл білімінде абадан лексемасы өте сирек қолданылады. Есесіне көкбөрі сөзі өзінің белсенділігін арттырып, абаданның орнына актив қолданылып жүр. Мысалы қазақ эстрадасындағы «Rin'Go» жастар ән мәтінінде:

Біз көкжалмыз, бөріміз!

Зерек құлақ серіміз!

Біз арланбыз, сырттанбыз!

Қасқыр деген жұрттанбыз!

Қазақ танымындағы гендерлік лингвистика қанаттылардан қыран құс ер адамдарға қарата айтылса, әйелдерді тотықұсқа, сандуғаш, қарлығаш құсқа теңеп жатады. Мысалы:

Тоты құстай керіліп,

Шалқып өскен қыз едім. (*А. Азаматқызы*)

Ақын өлеңінде тоты құсқа ұқсатылып, шалқып өскен қыз едім деуінің өзі тың метафоралық теңеуге жатады. Теңеулер екі мағынада жұмсалатыны белгілі, бірі тура мағына, екіншісі ауыспалы мағынады. Аталған мысалда ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Құстардың ішінде тотықұс сұлулығымен, әсемдігімен ерекшеленеді. Әсемдігіне, сүйкімділігіне қызыққан көпшілік адамдар тотықұсты үйде торға салып қызықтағанды жақсы көреді. Сол себепті қазақ халқы тілдік санасында тотықұс сыланған бойжеткен, көрікті қыз дейтін образды білдіреді.

Қазіргі таңда бойжеткен қыздарды көбінесе өсімдік атауларының метафоралануы негізінде қалыптасқан гүлге теңеу үрдісі көптеп кездеседі. Әйелді гүлге ұқсастырады, себебі әйел де гүл секілді әдемі, нәзік, хош иісі арқылы адамдарды баурап алады. Қамқорлық танытсаң, жайқалып өседі, адамға жағымды эмоция сыйлайды; алайда күтім жасамасаң, тез солып қалады. Әйелді гүлмен салыстыру – оны нәзік, әдемі, бірақ қорғансыз етіп сипаттайды. Бұл метафора әйелдің сыртқы түрі мен эмоциялық әл-ауқатының ер адамға (немесе қоғамға) тәуелді екенін көрсетеді.

Аққудай тізіліскен ақша қыздар қарайды,

Тамашалап таңды мына (*Айтмыс*)

Аққу – өте сирек кездесетін, киелі құс болып табылады. Ақудың киелілігіне қатысты қазақта «Аққуды атпа, досыңды сатпа» деген мақалды негізге алар болсақ, аққудың жұмыртқасы да өте айрықша екендігі белгілі. Мәселен, «Еснейдің табақтай жалпақ қара шұбар беті қыздың *аққудың жұмыртқасындай* аппақ бетіне жақындай берді» (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Көркем мәтіндерде аққуда әсемдіктің, сұлулықтың, пәктіктің символы ретінде суреттеледі. Сондай-ақ қазақ тілінеде аққудың топшысындай, аққудың үніндей, аққудың көгілдіріндей, аққудың мамығындай, аққудың сылануындай, аққудың биіндей тәрізді сан алуан тұрақты сөз орамдары қалыптасқан.

Ал, ару – әйелдің тән сұлулығы мен жан сұлулығын бейнелейтін метафоралық образ. Ару әйел бейнесінің дәстүрлі қазақы стереотипі қалыптасты: Арудың шырайы айға, қимылы һәм мүсіні аққуға және арғымаққа теңеліп айтылады. Ару әйелдің поэтикалық образын сомдағанда І. Жансүгіров халықтық теңеулерді шебер қолданды:

*Айдан ару нәрсе жоқ,
Арғымақ тұрпат, қу сынды.
Сұңғыла сұңқар аңсаған,
Кер құба кәмшат шекеде,
Түнде барда күндіз жоқ.
Ай жүзді сөнгел мүсінді.
Үлпершек үкі, шоқпар шоқ,
Кербез қас кергіш тізеде.*

Әбжылан – ертедегі аңыздарда, жырларда кездесетін мифологиялық образ. Ежелгі дәуірде жылан тотем болып санаған. Яғни ғажайып тылсым қасиеттердің иесі. Сондықтан жылан қазақы ғұрыптар мен жосын-жоралғылардың және наным сенімдердің негізгі объектілерінің бірі болды. Батырдың кереметтігін, әйелдің таңғажайып сұлулығын *әбжыланға* теңеген тұрақты теңеулер мен сөз орамдары эпикалық жырларда жиі кездеседі. Мысалы:

Әбжыландай толғанып,
Шұбарға қарғып мінеді (Алпамыс).
Немесе:
Алтында қамшы қолға алып,
Әбжыландай толғанып,
Бұралып кетіп барады (Қыз Жібек)

Алпамыс жырында кездесетін *әбжылан* мәнмәтінде еркек гендерлік ұғымға жатса, Қыз Жібекте кездесетін *әбжылан* әйел гендерлік бірлігіне жатады. Мәселен К.Б. Жумашева «Гендерлік оппозицияның лексикалық жүйеде концептуалды метафоралар арқылы модельденуі» атты ғылыми жұмысында гендерлік маркерлер белгісі бойынша гендерлік маркерленген және маркерленбеген метафоралардың түрін көрсеткен [12]. Маркерленген адам аталымдарына арлан, төбет, елік, мыстан, аруананы жатқызса, маркерленбеген адам аталымдарына қолшоқпар, ібіліс, қасқырды жатқызған. К.Б. Жумашеваның ұсынған типологиясын негізге ала отырып жоғарыда талданған гендерлік тіл бірліктерді маркерленген және маркерленбеген адам аталымдарын былайша классификациялауға болады.

3-кесте – Гендерлік маркерленген және маркерленбеген адам аталымдары

Адам аталымдары		
Гендерлік маркерленген әйел аталымдары	Гендерлік маркерленген еркек аталымдары	Гендерлік маркерленбеген адам аталымы
Ару, аққу, түлкі, тотықұс, қара қазан, гүл	Қыран, бүркіт, ақсұңқар, абадан, көк бөрі, тау	Әбжылан, сұржылан

Қазіргі қазақ тілінде адам аталымдары гендерлік маркерлену деңгейіне қарай екіге бөлінеді: гендерлік маркерленген және маркерленбеген атаулар. Қазақ тілінде род категориясы болмағанымен гендерлік маркерленген адам аталымдарын ақын-жазушылар

шығармаларында өте сәтті пайдаланған және көркем мәтіндерді талдау арқылы ер және әйел адамға қарата айтылатын гендерлік маркерленген және маркерленбеген тіл бірліктері тіл мен табиғаттың, тіл мен қоғамның байланысы барысында пайда болған деген қорытынды жасауға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, көркем мәтіндердегі гендерлік категориялардың ерекшелігін көркем шығармалардағы лингвистикалық деректер негізінде зерттеу бойынша келесідей қорытынды жасалды:

1) көркем мәтіндердегі гендірлік категориялардың ерекшелігін анықтау барысында ер және әйел адамдардың өзіне тән сөздік қоры болады. Көркем мәтіндердегі гендерлік тіл бірліктері халықтың дүниетанымына тән болмыс ерекшеліктерін айқындап тұрады. Лингвистикалық гендерология ғылымының қазіргі теориялық ағымдары көркем шығармаларды жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

2) көркем мәтіндердегі гендерлік род категориясы әйел мен еркек бейнесін бейнелеудегі және гендерлік ұғымдарды білдіруде өзіндік әлеуметтік рөлі айқындалады. Қазақ халқы көркем әдебиетте ер адамдарды бейнелеп жеткізуде жыртқыш құстарға (қыран, бүркіт, ақсұңқар) теңеу және салыстыру арқылы батылдық, қайсарлық, мықтылық секілді теңеулер тән болса, әйел адамдарды бейнелеуде олардың аналық рөлі мен қамқорлығына, сезімтал қасиетіне байланысты аялау, мүсіркеу немесе жаны ашу секілді теңеулер көптеп қолданылады.

3) ер адамдардың мінез-құлық ерекшеліктеріне, агрессивтілігіне орай күшін, ержүректілігін көрсетуге, ал әйел адамдардың сұлулығына, дене бітіміне байланысты қалыптасқан лексикалық бірліктер қатары өлең жолдарында жиі кездеседі.

Көркем мәтіндегі гендерлік категориялар қазақ тілінің этномәдениетіне қатысты қолданылады. Көркем мәтіндердегі гендерлік категорияларды сипаттау, салыстыру және теңеу секілді тәсілдер арқылы ерлер мен әйелдердің гендерлік ерекшеліктерін айқындайтын тілдік құралдар арқылы танылады. Сонымен қатар, ол халықтың гендерлік ұғымына байланысты, этникалық топтың мәдени түсінігі, эстетикалық талғамы, рухани және адами құндылықтары туралы кодталған ақпараттарды құрайды.

Қорыта келе поэтикалық мәтіндерді тура, ауыспалы мағына білдіретін метафоралық қолданыстар мен теңеулерсіз көз алдымызға елестете алмаймыз. Ақын-жазушылардың шығармашылығында гендірлік тіл бірліктерін жасаушы амал-тәсілдердің көп болуы – ақын, жырау, жазушы дүниетанымының кеңдігін әрі қазақ тілінің сөздік қоры мол және көркем бейнелі тіл екендігін дәлелдейді. Мақалада талданған көркем мәтіндердегі гендерлік жұптардан метафоралар патриархалды мәдениет мен матриархаттың табиғи болмысының гендерлік тұрғыдан стереотиптенуінен айқын көрініс табады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ЕҚЫҰ. Гендер туралы түсінікті түрде шекаралар қауіпсіздігі мен шекара режимінің әйел мен ер қызметкерлеріне арналған нұсқаулық, [Электронный ресурс], <https://www.osce.org/files/f/documents/9/e/454933.pdf> (дата обращения: 20.08.2024)
- 2 Шахмайкин А. Род категориясындағы лингвистикалық статус мәселесі. // Қазіргі орыстану ғылымының өзекті мәселелері Диахрония және синхрония. – М.: ММУ 1996. Б. 226-273.
- 3 Shokym G.T., Zhumasheva K.B. Manifestation of gender contradiction in mythology // Proceedings of the 1st International Turcological Congress on "Researches and directions". – Karabyuk, 2022. – P. 195-201.

- 4 Кирилина А., Томская М. Лингвистикалық гендерлік зерттеу / [Электрондық ресурс] А. Кирилина, Томская М. – 2014 (<http://www.strana-oz.ru/?numid=23&article=1038>). (қаралған күні: 06.09.2024)
- 5 Жумашева К. Қазақ тіліндегі «еркек-әйел» бинарлы оппозициясының лексикографиялық репрезентациясы // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. “Филология ғылымдары” сериясы. № 1 (64). Б. 43–57. – Алматы, 2022.
- 6 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999 – 581 б.
- 7 Хасанұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // Психоллингвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 284-288 бб.
- 8 Сарсенбаева А. Ағылшын тілінің фразеологиялық жүйесіндегі гендерлік қатынастар. 10.02.22. – шет елдер халықтарының тілдері (ағылшын тілі) Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Алматы, 2009 – 208 б.
- 9 Rita B. Sultangaliyeva, Sandugash S. Sagidulliyeva, Zinulla Zh. Mutiyev, Gulnaz S. Sagynadin, Aidarbek A. Akbulatov, Gauhar S. Askarova, & Kamshat B. Zhumasheva. Integration of World Literary Traditions and Innovative Artistic Searches in Contemporary Kazakh Prose. Forum for Linguistic Studies, 6(6), 2024 1–14. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.7098>.
- 10 Жиренов С. (2012) XV-XIX ғ.ғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы «Өмір-Өлім» концептісінің тілдік-танымдық табиғаты. Ғылыми монография. – Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің «Ұлағат» баспасы, 2012. – 180 б.
- 11 Мағауин М., Байділдаев М. Бес ғасыр жырлайды [Мәтін] : ХҮ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Т.3 / Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев. - Алматы : Жазушы, 1985. - 352 б.
- 12 Жумашева К., Абужалитова А., Ажғалиев М., Сапарғалиева М. Гендерлік оппозицияның лексикалық жүйеде концептуалды метафоралар арқылы модельденуі. Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – 2024. – (1). – Б.86–99. <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp86-99>.
- 13 Адаева Г.А. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы гендер мәселесі: тарихи философиялық талдау: филос. ғыл. канд. ... дис.: 09.00.03. – Алматы, 2007. – 128 б.
- 14 Balew Demissie. The representation of women in Ngugi ~ wa Thiong’o’s The River Between and A Grain of Wheat: An ideological approach. Social Sciences & Humanities OpenVolume 10, 2024. <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2024.101004>
- 15 Pascal M. “A Language Index of Grammatical Gender Dimensions to Study the Impact of Grammatical Gender on the Way We Perceive Women and Men”, Front. Psychol. 10:1604. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2019.01604>.

Материал 04.07.2025 баспаға түсті

Использование гендерных категорий в художественных текстах

У. Акбердыкызы¹, С.А. Жиренов¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, 050000, Казахстан

В статье с научно-теоретической и практической точек зрения рассматриваются особенности употребления гендерных категорий и выражения гендерных понятий в художественных текстах. Показаны языковые особенности образных словосочетаний и речевых единиц, присущих мужской и женской речи, а также прагматическое использование взаимосвязанных гендерологических понятий. Анализируя использование гендерных категорий в художественных текстах с лингвистической точки зрения, автор стремится раскрыть символично-семантическое содержание образов мужчины и женщины.

Основной материал исследования составили лингвистические картотечные данные, извлечённые из художественных текстов. Цель исследования — определить гендерные и

языковые признаки, характеризующие «мужское» и «женское» начала, на основе анализа образов мужчин и женщин в произведениях поэтов и писателей.

В исследовании широко применяются такие методы, как сбор, описание, сопоставление, а также компонентный анализ в соответствии с темой и направлением статьи. В статье определяются особенности употребления художественных средств в семантическом содержании и сфере функционирования языковых единиц, относящихся к мужчинам и женщинам.

Научно-практическая значимость статьи заключается в том, что рассмотренные в исследовании теоретические и практические аспекты могут быть внедрены в практику в таких научных направлениях, как когнитивная лингвистика, гендерная лингвистика, этнолингвистика, теория дискурса и лингвопрагматика.

Результаты исследования показывают, что в речевом употреблении мужчин и женщин существуют различия в лексических, грамматических категориях и поэтических образах. Лингвистический анализ языковых единиц художественных текстов на казахском языке позволяет взглянуть на гендерные особенности с новой точки зрения. Также установлено, что гендерные языковые единицы изменялись в зависимости от эпохи и исторического периода.

Ключевые слова: гендер, язык, родовая категория, гендерная лингвистика, мужчина, женщина, художественный текст, казахский язык.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 ОБСЕ. Гендерно-чувствительные рекомендации для мужчин и женщин, работающих на границе и пограничном персонале, [Электронный ресурс], <https://www.osce.org/files/f/documents/9/e/454933.pdf> (дата обращения: 20.08.2024).
- 2 Шахмайкин А. Проблема лингвистического статуса категории рода // Актуальные проблемы современной русистики. Динахрония и синхрония. – М.: МГУ, 1996. С 226-273.
- 3 Shokym G.T., Zhumasheva K.B. Manifestation of gender contradiction in mythology // Proceedings of the 1st International Turcological Congress on "Researches and directions". – Karabyuk, 2022. – P. 195-201.
- 4 Кирилина А., Томская М. Лингвистические гендерные исследования / [Электронный ресурс] А. Кирилина, Томская М. – 2014 (<http://www.strana-oz.ru/?numid=23&article=1038>). (дата обращения: 06.09.2024)
- 5 Жумашева К. Лексикографическая репрезентация бинарной оппозиции «мужчина-женщина» в казахском языке // Вестник КазУМО и МЯ имени Абылай Хана, Серия «Филологические науки». № 1 (64). С. 43–57. – Алматы, 2022
- 6 Жұбанов Қ. Исследования по казахскому языку. – Алматы, 1999 – 581 с.
- 7 Хасанұлы Б. Ключевые вопросы гендерной ориентации в казахском языкознании // Психоллингвистика и социоллингвистика: современное состояние и будущее: материалы международной конференции. – Алматы, 2003. – 284-288 с.
- 8 Сарсенбаева А. Гендерные отношения во фразеологической системе английского языка. 10.02.22. – языки народов зарубежных стран (английский язык) Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук, Алматы, 2009. – 128 с.
- 9 Rita B. Sultangaliyeva, Sandugash S. Sagidulliyeva, Zinulla Zh. Mutiyev, Gulnaz S. Sagynadin, Aidarbek A. Akbulatov, Gauhar S. Askarova, & Kamshat B. Zhumasheva. Integration of World Literary Traditions and Innovative Artistic Searches in Contemporary Kazakh Prose. Forum for Linguistic Studies, 6(6), 2024 1–14. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.7098>
- 10 Жиренов С. (2012) Лингвистико-познавательная природа концепта «Жизнь-Смерть» в поэзии поэтов XV-XIX веков. Научная монография. - Издательство «Улагат» Казахского национального педагогического университета имени Абая, 2012. – 180 с.
- 11 Мағауин М., Байділдаев М. Пять веков поют: произведения казахских поэтов X века – начала XX века.Т.3 / Алматы : Жазушы, 1985. - 352 с.

- 12 Жумашева К., Абужалитова А., Ажгалиев М., Сапарғалиева М. Моделирование гендерной оппозиции в лексической системе с помощью концептуальных метафор. Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – 2024. – (1). – С.86–99. <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp86-99>
- 13 Адаева Г.А. Гендерная проблема в традиционном мировоззрении казахского народа: историко-философский анализ: Филос. сделай это сахар ... дис.:09.00.03. – Алматы, 2007. – 128 с.
- 14 Balew Demissie. The representation of women in Ngugi wa Thiong'o's The River Between and A Grain of Wheat: An ideological approach. Social Sciences & Humanities OpenVolume 10, 2024. <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2024.101004>.
- 15 Pascal M. “A Language Index of Grammatical Gender Dimensions to Study the Impact of Grammatical Gender on the Way We Perceive Women and Men”, Front. Psychol. 10:1604. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2019.01604>

Материал поступил в редакцию журнала 04.07.2025

Using gender categories in literary texts

U. Akberdikyzy¹, S. Zhirenov¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, 050000, Kazakhstan

The article examines the peculiarities of the use of gender categories and expression of gender concepts in fiction texts from scientific-theoretical and practical points of view. The article shows the linguistic features of figurative word combinations and speech units inherent in male and female speech, as well as the pragmatic use of interrelated gender concepts. Analysing the use of gender categories in artistic texts from the linguistic point of view, the author seeks to reveal the symbolic-semantic content of images of men and women.

The main material of the study consisted of linguistic card data extracted from fiction texts. The aim of the study is to identify gender and linguistic signs characterising ‘masculine’ and ‘feminine’ beginnings on the basis of the analysis of images of men and women in the works of poets and writers.

The study widely applies such methods as collection, description, comparison, as well as component analysis in accordance with the topic and direction of the article. The article identifies the peculiarities of the use of artistic means in the semantic content and sphere of functioning of linguistic units related to men and women.

The scientific and practical significance of the article lies in the fact that the theoretical and practical aspects considered in the study can be introduced into practice in such research areas as cognitive linguistics, gender linguistics, ethnolinguistics, discourse theory and linguopragmatics.

The results of the study show that there are differences in lexical, grammatical categories and poetic images in the speech usage of men and women. The linguistic analysis of linguistic units of Kazakh language fiction texts allows us to look at gender peculiarities from a new point of view. It is also established that gender linguistic units changed depending on the epoch and historical period.

Key words: gender, language, gender category, gender linguistics, male, female, fiction text, kazakh language.

REFERENCES

- 1 Gender туралы тусиникти turde shekaralar qauipsizdigi men shekara rezhimining ajel men er qyzmetkerlerine arnalgan nusqaulyq, EQYU, (2020), [Gender-sensitive guidelines for female and male border security and border management personnel]. Available at: <https://www.osce.org/files/f/documents/9/e/454933.pdf> (accessed 20.08.2024) [in Kazakh].
- 2 Shakhmajkin, A. (1996), Problema lingvisticheskogo statusa kategorii roda [The problem of the linguistic status of the category of the genus] (Aktualnye problemy sovremennoj rusistikiju Diahronija i sinhronija. Moscow) [in Russian].

- 3 Shokym G.T., Zhumasheva K.B. (2022), Manifestation of gender contradiction in mythology // Proceedings of the 1st International Turcological Congress on "Researches and directions". - Karabyuk. - P. 195-201. [in English].
- 4 Kirilina, A. (2014), Lingvisticheskie gendernye issledovaniya [Linguistic gender studies] (<http://www.strana-oz.ru/?numid=23&article=1038>).] (accessed 06.09.2024) [in Russian].
- 5 Zhumasheva, K. (2022), Qazaq tilindegi «erkek – ajel» binarly oppoziciyasynyng leksikografijalyq reprezentacijasy [Lexicographic re-presentation of binary opposition "man – woman" in the Kazakh language] (Abylaj han atyndagy QazHQ zhane ATU Habarshysy. “Filologija gylymdary” serijasy. № 1 (64). S. 43-57.) [in Kazakh].
- 6 Zhubanov, Q. (1999), Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Studies on the Kazakh language] (Almaty) [in Kazakh].
- 7 Hasanuly, B. (2008), Qazaq til biliminde genderlik bagytty qalyptastyrudyngh ozekti maseleleri [Current issues of gender orientation formation in Kazakh linguistics] (Psiholingvistika zhane aleumettik til bilimi: qazirgi kuji zhane bolashagy: Halyqaralyq konferenciya materialdary. – 284-288 bb.) [in Kazakh].
- 8 Sarsenbayeva, A. (2009), Gendernye otnosheniya vo frazeologicheskoy sisteme anglijskogo jazyka. [Gender relations in the phraseological system of the English language] (Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskix nauk) [in Russian].
- 9 Sultangaliyeva R.B., Sagidulliyeva S.S., Mutiyev Z.Z., Sagynadin G.S., Akbulatov A.A., Askarova G.S., & Zhumasheva K.B., (2024), Integration of World Literary Traditions and Innovative Artistic Searches in Contemporary Kazakh Prose. Forum for Linguistic Studies, 6(6), 1–14. Available at: <https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.7098> [in English].
- 10 Zhirenov, S. (2012), XV-XIX-g.g. aqyn-zhyraular pojezijasyndagy «Omir-Olim» konceptisiniñ tildik tanymdyq tabigaty. [Linguistic-cognitive nature of the concept of "Life-Death" in the poetry of poets of the 15th-19th centuries.] (Gylymi monografija. –Abaj atyndagy Qazaq Ulttyq Pedagogikalyq Universitetining «Ulagat» baspasy,180-b.) [in Kazakh].
- 11 Magauin, M. (1985), Bes gasyr zhyrlajdy: 10 gasyrdan 20 gasyrdyng bas kezine dejingi qazaq aqyn-zhyraularynyng shygarmalary. [Five centuries sing: works of Kazakh poets from the 10th century to the beginning of the 20th century.] (T.3 / Almaty: Zhazushy, 352-b.) [in Kazakh].
- 12 Zhumasheva K., Abuzhalitova A., Azhgalieva M., & Sapargalieva M. (2024), Genderlik oppoziciyanıñ leksikalyq zhyjede konceptualdy metaforalar arkyly modeldenui. [Modeling of gender opposition in the lexical system through conceptual metaphors] (Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – (1). – Б.86–99. Available at: <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp86-99> [in Kazakh].
- 13 Adayeva, G. (2007), Qazaq halqynyñ dastyrlı dınyetanymyndaғы gender мәselesi: tarihi filosofijalyq taldau [The problem of gender in the traditional worldview of the Kazakh people: historical philosophical analysis] (Almaty, 128 b.) [in Kazakh].
- 14 Demissie, B. (2024), The representation of women in Ngugi ~ wa Thiong’o’s The River Between and A Grain of Wheat: An ideological approach. Social Sciences & Humanities OpenVolume 10. Available at: <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2024.101004> [in English].
- 15 Pascal M. (2019), “A Language Index of Grammatical Gender Dimensions to Study the Impact of Grammatical Gender on the Way We Perceive Women and Men”, Front. Psychol. Available at: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2019.01604> [in English].

Received: 04.07.2025